

NEW TECHNOLOGY OF MULTIPLICATION WALNUTS IN THE SOUTHEAST OF KAZAKHSTAN

Abstract In article results of study on the development of new technology multiplication walnut. This study found comprehensible methods of reproduction walnut.

Keywords: walnut, liquor, planting material, breeding, grafting.

ӘОЖ 633/635.58

Барлықова Н.Ә., Есенбаева Г.Л.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

КҮЗДІК БИДАЙДЫҢ СЕБУ ӘДІСІ МЕН МӨЛШЕРІНІҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысының тау бөктері жағдайында күздік бидайдың Алмалы сортын тар қатарлы әдіспен гектарына 4,0 млн және тоғыспалы әдіспен 4,5 млн дән себу оңтайлы өнім алуға және экономикалық тиімділікті арттыруға үлкен әсер ететіндігі анықталды.

Кілт сөздер: күздік бидай, себу әдісі, себу мөлшері, өнімділік.

Кіріспе

Күздік дәнді астық дақылдар азық-түліктік маңызы жағынан жаздық дәнді астық дақылдарына теңесе отырып, одан бірқатар артықшылықтарымен ерекшелінеді. Күздік бидайдың потенциалды мүмкіндігі өте жоғары. Өзінің өсіп-даму кезеңінің ұзақтығына байланысты күздік дәнді астық дақылдар күн энергиясын, күзгі және ерте көктемгі ылғалды және қоректік заттарды толық пайдаланады, топырақты эрозиядан қорғайды, арамшөптермен жақсы күреседі, аурулармен аз залалданады, машина-тракторлы паркты тиімді пайдалануына байланысты, шаруашылықты ұйымдастыру жағынан өте бағалы дақыл болып саналады.

Күздік бидайды әр түрлі тәсілдермен: тар қатарлы (қатараралығы - 7,5 см), жай қатарлы (қатар аралығы 15 см) және тоғыспалы әдіспен себуге болады. Дақылды жай қатарлы әдіспен себу, ылғалы тапшы аймақтарда жақсы нәтиже берсе, жауын-шашын мол түсетін аймақтарда, суармалы жерлерде, тар қатармен сепкен жөн. Тар қатарлы немесе тоғыспалы әдіспен сепкен кезде тұқым мөлшері 10-15% көбейтіледі. Күздік бидайдың әр гектарға себілетін тұқым мөлшері тәлімі жерде 4,0-5,0 млн., ал суармалы жерлерде 5,5-6,0 млн. дана өнгіш тұқым болуы тиіс.

Күздік бидайдан жоғары сапалы өнім алу үшін қолайлы себу мөлшерін дұрыс тағайындау керек. Себудің қолайлы мөлшері тұрақты емес, ол егу алаңына, себу уақытына, тұқым сапасына және де басқа көрсекіштерге байланысты өзгеріп отырады. Себу мөлшерінің өзгеруі аймақтың топырақ-климат жағдайына байланысты, ылғалы көп аймақта артып, құрғақ аймақта кеміп отырады [1].

Қазақстанның әртүрлі географиялық аймақтарындағы себу мөлшеріне әсер ететін фактор өсімдікті ылғалмен қамтамасыздандыру болып табылады. Ылғалмен жақсы қамтамасыз етілген жағдайда себу мөлшерін арттыру қажет. Алматы облысының сұрғылт қоңыр топырағында жүргізілген тәжірибелерде күздік бидайдың жоғарғы өнімділігін гектарына 6-7 млн. дана дән сепкенде алған [2].

Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймағы суармалы жерлерінде күздік бидайдың себу мөлшері қатаң бақылануы тиіс. Себу мөлшеріне байланысты жүргізілетін зерттеулер сорт ерекшелігіне, себу мерзіміне, алғы дақылға, топырақ-климат жағдайына қарап қойылады. Себу әдісі мен мөлшеріне байланысты жоғары өнім түзілуі ең алдымен танапта өнім беретін сабақтың қолайлы түрде құрылуына байланысты. Болашақ өнімнің 50% өнім беретін сабақ тығыздығына, 25% масақтағы дән санына, 25% 1000 дән салмағына байланысты болатындығы мәлім. Дән сапасына алғы дақылдардың, тыңайтқыштардың, себу мөлшерінің, себу мерзімінің әсері әр жылдағы нақты топырақ-климат жағдайындағы өнім беретін түптің 2-3 сабақ пен масақ тығыздығы 1 м²-қа 400-600 дана болғанда өсімдік жоғарғы өнімділікке ие болады [3].

Зерттеу әдістері мен нысаны

Күздік бидайдың Алмалы сортының себу әдісі мен мөлшерінің өнімділігіне әсерін бақылау мақсатында, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Саймасай» ауылында орналасқан «Агроуниверситет» оқу-тәжірибе станциясының (ОТС) тәжірибе алаңында 2013-2014 жылдары зерттеу жұмыстары жүргізілді.


Алынған нәтижелер

Күздік бидай дақылының өнім деңгейі оның биологиялық ерекшеліктеріне және агроэкологиялық факторлар әсеріне байланысты өзгерді. Тәжірибеде, күздік бидайдың толық пісіп жетілу кезеңінде жүргізілген құрылымдық талдауда: бір өсімдіктің түптену коэффициенті, масақтағы дән саны мен салмағы және бір шаршы метр жердегі өнімді сабақтар саны және 1000 дәннің салмағы анықталды (кесте 1).

Кесте 1 - Күздік бидайдың себу әдісі мен мөлшерінің өнім құрылымына әсері

№	Тәжірибе нұсқалары		Түптену коэффициенті	Өнімді сабақтар саны саны 1м ² , дана	1000 дәннің салмағы, гр	Масақтағы дән саны, дана	Масақтағы дән салмағы, гр
	әдісі	себу мөлшері, млн/га					
1	Жай қатар	3,5	1,06	254,4	49,8	28,0	1,39
		4,0	1,08	296,5	49,4	26,6	1,31
		4,5	1,07	343,4	46,6	26,1	1,21
		5,0	1,02	373,8	49,3	24,0	1,18
2	Тоғыспалы	3,5	1,09	266,1	49,0	29,0	1,45
		4,0	1,12	329,9	49,7	28,1	1,39
		4,5	1,13	375,2	50,2	28,3	1,42
		5,0	1,05	394,2	48,3	25,1	1,21
3	Тар қатарлы	3,5	1,11	291,4	48,6	25,2	1,22
		4,0	1,41	422,4	50,9	25,0	1,27
		4,5	1,21	420,3	49,4	25,1	1,23
		5,0	1,09	409,2	48,5	25,2	1,22

Күздің бидай өнімін қалыптастыруына тікелей әсер ететін биологиялық көрсеткіштерді сараптай отырып, барлық нұсқалар бойынша алынған өнімділікті салыстыру нәтижесінде, ең жоғарғы өнімді тар қатарлы әдіспен 4,0 млн/га дән себілген нұсқадан – 53,8 ц/га және тоғыспалы әдіспен 4,5 млн/га дән себілген нұсқадан – 53,3 ц/га (бақылаумен салыстырғанда 14,8-11,6 ц/га артық) алынғаны анықталды (сурет 1).



Сурет 1 - Күздік бидайдың себу әдісі мен мөлшеріне байланысты өнімділігі, ц/га

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша Алматы облысының тау бөктері жағдайында күздік бидайдың Алмалы сортын тар қатарлы әдіспен 4,0 млн/га өңгіш дән және тоғыспалы әдіспен 4,5 млн/га өңгіш дән себу жоғары өнім алуды қамтамасыз етті.

Әдебиеттер

1. *Жангазиев А.С.* және т.б. Күздік бидайдың мол өнімді жаңа Алмалы сорты. Ж.Жаршы, 2004, №11, 31-35 б.

2. *Сыдық Д.А.* және т.б. Күздік бидай сорттарының егілу әдістемелігіне байланысты өнімділігі. ж.Жаршы, 2008, №12, Б. 53-55.

3. *Гостюхина В.Л.* Сроки сева и нормы высева семян озимой пшеницы // Аграрная наука. – 2001. – №8. С.– 10-11.

Барлыкова Н.А., Есенбаева Л.

ВЛИЯНИЕ СПОСОБА ПОСЕВА И НОРМЫ ВЫСЕВА НА УРОЖАЙНОСТЬ ОЗИМОЙ ПШЕНИЦЫ

Аннотация Установлено, что повышение урожайности озимой пшеницы сорта Алмалы в условиях предгорной зоны Алматинской области, достигается при узкорядном способе посева с нормой высева 4 млн. всхожих семян на 1 га и при перекрестном способе посева с нормой высева 4,5 млн. всхожих семян на 1 га.

Ключевые слова: озимая пшеница, способы посева, норма высева, урожайность.

Barlykova N.A., Yessenbayeva G.L.

INFLUENCE OF WAYS SEEDING AND NORM SEEDING ON THE YIELD OF WINTER WHEAT

Summary It is established, increase of productivity of winter wheat of a grade of Almala in the conditions of a foothill zone of Almaty region, at a narrow-rowed way of crops with norm of seeding of 4 million the vskhozhih of seeds on 1 hectare and at a perekrosny way of crops with norm of seeding of 4,5 million the vskhozhih of seeds on 1 hectare.

Keywords: winter wheat, ways seeding, norm of seeding, productivity.